

**2023 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша  
ҚР ӨЗЕНДЕРІНІҢ АЛАПТАРЫНДА ЫЛҒАЛ  
ҚОРЫНЫҢ ЖИНАЛУЫ ТУРАЛЫ АНЫҚТАМА-  
КОНСУЛЬТАЦИЯ**

**АСТАНА 2023 ж.**

ҚР жазық өзендеріндегі көктемгі су тасқыны ағынының күтілетін көлемі 2023 жылғы 1 наурыздағы гидрометеорологиялық бақылау және өлшеу деректері бойынша жасалды (1-қосымша).

## Жазық өзендер

### 1) Ылғал қорының көлемі:

**Қарағанды облысында** Нұра өзенінің алабында (Самарқан су қоймасына құйылатын су) орташа көпжылдық мәннен 16%-ға жоғары, Шерубайнұра (Шерубайнұра су қоймасына құйылатын су) және Тоқырау өзендерінің алаптарында орташа көпжылдық мәннен 26%-ға төмен.

**Ұлытау облысында** Кеңгір өзенінің алабында (Кеңгір су қоймасына келетін су) орташа көпжылдық мәннен 25%-ға төмен, Сарысу өзенінің алабында орташа көпжылдық мәннің шамасында.

**Ақмола облысында** Жабай өзенінің алабында орташа көпжылдық мәннен 13%-ға жоғары, Шағалалы өзенінің алабында (Шағалалы су қоймасына құйылатын су) орташа көпжылдық мәннің шамасында. Есіл, Мойылды (Астана су қоймасына құйылатын су), Қалқұтан және Сілеті (Сілеті су қоймасына құйылатын су) өзендерінің алабында орташа көпжылдық мәннен 13-26%-ға төмен.

**Солтүстік Қазақстан облысында** Есіл өзенінің алабында (Сергеев су қоймасына құйылатын су) орташа көпжылдық мәннен 37%-ға жоғары.

**Қостанай облысында** Тоғызақ және Қараторғай өзендерінің алабында орташа көпжылдық мәннен 39-74%-ға жоғары. Тобыл, Аят (Жоғарғы Тобыл және Қаратомар су қоймаларына құйылатын су) және Торғай өзендерінің алаптарында орташа көпжылдық мәннің шамасында.

**Ақтөбе облысында** Ілек (Ақтөбе су қоймасына құйылатын су) және Қосістек өзендерінің алаптарында орташа көпжылдық мәннен 19-45%-ға жоғары. Қарғалы (Қарғалы су қоймасына құйылатын су), Ор және Ойыл өзендерінің алаптарында орташа көпжылдық мәннің шамасында. Ырғыз және Темір өзендерінің алаптарында орташа көпжылдық мәннен 36-44%-ға төмен.

**Батыс Қазақстан облысында** Шыңғырлау, Шежін-2, Деркөл, Шаған, Өленті және Шідерті өзендерінің алаптарында орташа көпжылдық мәннен 22-67%-ға төмен.

**Атырау облысында** Ембі өзенінің алабында орташа көпжылдық мәннен 40%-ға төмен.

**Қазіргі уақытта қардың жиналу процесі жалғасуда.**

### 2) Топырақтың күзгі ылғалдану көрсеткіштері:

• **Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары** (*Қалқұтан, Жабай, Есіл – Сергеев су қоймасына құйылатын су*) өзендерінің алаптарында 23-46%-ға, **Қостанай облысы** (*Тобыл, Аят, Тоғызақ, Торғай, Қараторғай*) өзендерінің алаптарында 12-123%-ға, **Атырау және Ақтөбе облыстары** (*Ілек, Қарғалы,*

*Қосістек, Ор, Ойыл, Ырғыз, Ембі*) өзендерінің алаптарында 15-72%-ға, **Батыс Қазақстан облысы** (*Шыңғырлау, Шежін-2, Деркөл, Шаған, Өлеңті, Шідерті*) өзендерінің алаптарында 33-104%-ға **орташа көпжылдық мәннен жоғары.**

• **Қарағанды облысы** (*Нұра, Шерубайнұра, Тоқырау*) өзендерінің алаптарында 22-44%-ға, **Ұлытау облысы** (*Кеңгір, Сарысу*) өзендерінің алаптарында 34-37%-ға, **Ақмола облысының** (*Есіл – Астана су қоймасына құйылатын су*) жекелеген өзен алаптарында 14%-ға, **Ақтөбе облысының** Темір өзені алабында 13%-ға **орташа көпжылдық мәннен төмен.**

**3) Топырақтың тондану тереңдігі** Ұлытау, Ақмола, Батыс Қазақстан, Атырау және Ақтөбе облыстарында өткен жылғы көрсеткіштен орта есеппен 5-тен 115 см-ге дейін жоғары. Қарағанды, Солтүстік Қазақстан және Қостанай облыстарында өткен жылғы көрсеткіштерден орташа есеппен 6-дан 35 см-ге дейін төмен.

**Батыс Қазақстан облысының Өлеңті, Жымпиты, Шыңғырлау, Шаған, Шежін-2 және Деркөл өзен алаптарында қалыңдығы 1.5-10.2 мм, Қарағанды облысының Нұра (Самарқанд су қоймасына құйылатын су), Шерубайнұра (Шерубайнұра су қоймасына құйылатын су) және Тоқырау өзен алаптарында қалыңдығы 0.7-6.5 мм, Атырау және Ақтөбе облыстарындағы Ембі өзен алабында қалыңдығы 2.0 мм, Ұлытау облысының Кеңгір (Кеңгір су қоймасына құйылатын су) және Сарысу өзен алаптарында қардың астындағы топырақ бетінде қалыңдығы 1.0-2.0 мм мұз қабығы байқалады. Наурыз айында жоғары температуралық фон және қатты жаңбыр болған жағдайда, еріген қар-жаңбырлы су тасқынына әкеп соғуы мүмкін.**

Қазақстан Республикасының жазық аумағындағы өзендер бойынша ылғал қорының көлемі, топырақтың ылғалдануы және топырақтың тондану тереңдігі жөніндегі деректер 2-қосымшада келтірілген.

## **Таулы өзендер**

Тау өзендері үшін (Қазақстанның оңтүстігі, оңтүстік-шығысы және шығысы) келіп түсетін судың негізгі көрсеткіші 2022 жылдың 1 қазан мен 2023 жылдың 1 наурыз аралығындағы ылғалдың жиналу кезеңінде түсетін жауын-шашын мөлшері болып табылады.

Қазақстан Республикасының таулы аумақтарында шағын аудандардағы жер бедерінің биіктігі 500 м-ден 5000 м-ге дейін өзгереді. Тиісінше, тау беткейінің әркелкі орналасуына байланысты таулы аймақтардағы қар жамылғысы біркелкі жатпайды. Осындай жағдайлардың әсерінен жер бедерінің биіктігі 200-ден 500 м-ге дейін өзгертін ҚР жазық аумағында орналасқан өзендерге қарағанда, таулы өзендердегі қар жамылғысындағы ылғал қорының көлемін млн. м<sup>3</sup> есептеу мүмкін емес.

## **1) Ылғалдың жиналу кезеңіндегі жауын-шашын мөлшері:**

• **Шығыс Қазақстан және Абай облыстарында** Ертістің оң жағалауындағы өзен алаптарында 43%-ға, Бұқтырма су қоймасы аймағының өзен алаптарында 20%-ға, Ертістің сол жағалауындағы тармақтарында 23%-ға, Тарбағатай жотасының оңтүстік-батыс беткейіндегі өзен алаптарында 13%-ға **орташа жылдық мәндерден жоғары;**

• **Жамбыл облысында** Қырғыз жотасының солтүстік беткейіндегі өзен алаптарында **орташа жылдық мәндерден 16%-ға жоғары,** Қаратау жотасының солтүстік-шығыс беткейіндегі өзен алаптарында **орташа жылдық мәндерден 14%-ға төмен;**

• **Түркістан облысында** Арыс және Қаратау жотасының оңтүстік-батыс беткейіндегі өзен алаптарында 60%-ға, Талас Алатауының солтүстік-батысындағы өзен алаптарында **орташа жылдық мәндерден 44%-ға жоғары;**

• **Алматы және Жетісу облыстарында** Жетісу Алатауының өзен алаптарында **орташа жылдық мәндерден 94%-ға жоғары,** Іле Алатауының солтүстік беткейіндегі өзен алаптарында **орташа жылдық мәндер шегінде,** Іле Алатауының оңтүстік беткейі мен Кетмен жотасының солтүстік беткейіндегі өзен алаптарында **орташа жылдық мәндерден 41%-ға төмен.**

## **2) Таулы өзен алаптарындағы қар қоры төмендегідей:**

• **Шығыс Қазақстан және Абай облыстарында** Ертістің оң жағалауындағы өзен алаптарында 25%-ға, Бұқтырма су қоймасы аймағының өзен алаптарында 41%-ға, Ертістің сол жағалауындағы тармақтарында 35%-ға, Тарбағатай жотасының оңтүстік-батыс беткейіндегі өзен алаптарында 24%-ға **орташа жылдық мәндерден жоғары;**

• **Жамбыл облысында** Қаратау жотасының солтүстік-шығыс беткейіндегі өзен алаптарында **орташа жылдық мәндерден 15%-ға жоғары,** Қырғыз жотасының солтүстік беткейіндегі өзен алаптарында **орташа жылдық мәндерден 91%-ға төмен;**

• **Түркістан облысында** Қаратау жотасының оңтүстік-батыс беткейіндегі өзен алаптарында 15%-ға, Арыс өзені мен оның салаларының алабында 32%-ға, Талас Алатауының солтүстік-батыс сілемінің өзен алаптарында **орташа жылдық мәндерден 11%-ға жоғары;**

• **Алматы және Жетісу облыстарында** Іле Алатауының оңтүстік беткейі мен Кетмен жотасының солтүстік беткейіндегі өзен алаптарында **орташа жылдық мәндерден 16%-ға төмен,** Жетісу Алатауы мен Іле Алатауының солтүстік беткейіндегі өзен алаптарында **орташа жылдық мәндер шегінде.**

Қазақстан Республикасының таулы аумағындағы өзендердегі қар қоры және жауын-шашын мөлшері туралы мәліметтер 3-қосымшада келтірілген.

**Қазіргі уақытта қардың жиналу процесі жалғасуда.**

**4-қосымшада 2023 жылғы вегетация кезеңінде тау өзендері бойынша алдын ала күтілетін су шығыны келтірілген.**

Таулы аймақтың өзендері үшін вегетациялық кезеңнің негізгі болжамы 2023 ж. сәуір айының бірінші онкүндігінде жасалады.

Наурыз айында температуралық фон жоғарылап, қатты жаңбыр жауған жағдайда Қазақстанның оңтүстігіндегі, оңтүстік-шығысындағы және шығысындағы таулы өзендер бойымен еріген қар-жаңбырлы су тасқыны өтуі мүмкін.

**Метеостанциялардағы көпжылдық бақылаулардың деректері бойынша наурыз және сәуір айларында тәулік ішінде жауын-шашынның айлық нормасы түсуі мүмкін, бұл қауіпті апаттық гидрометеорологиялық құбылыстардың туындауына әкеліп соғуы мүмкін.**

**2023 жылдың наурыз айына арналған консультативтік синоптикалық ауа райы болжамға сәйкес елдің басым бөлігінде жылы және жауын-шашынды болады деп күтілуде.**

Наурыз айындағы орташа ауа температурасы Қазақстан аумағының басым бөлігінде *нормадан 1° жоғары*, Атырау, Ақтөбе, Қостанай облыстарының солтүстік бөлігінде, Батыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстарында *нормаға жақын* деп күтіледі.

Наурызда жауын-шашын мөлшері республика аумағының басым бөлігінде *нормадан жоғары*, Батыс Қазақстан, Атырау, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан облыстарында, Қостанай облысының бірқатар аумағында, Павлодар және Ақмола облыстарының солтүстігінде, Ақтөбенің солтүстігі мен оңтүстігінде, Қызылорда мен Түркістан облыстарының оңтүстік-батысында *нормаға жақын* болады деп болжануда (5-қосымша).

*Ескерту: бір айға арналған ауа райы болжамы консультативтік сипатта болады, ол синоптикалық жағдайдың өзгеруіне қарай түзетіледі және онкүндік пен апталық болжамдармен нақтыланады. Болжамның орташа ақталуы 65-74% құрайды.*

Наурыз айының бірінші онкүндігінде республиканың басым бөлігінде жауын-шашын (жаңбыр, қар), оңтүстік аймақтарда жаңбыр, 6-8 наурыз аралығында республиканың оңтүстік, оңтүстік-шығыс және шығыс таулы аймақтарында қатты жауын-шашын (жаңбыр, жабысқақ қар), түнгі және күндізгі ауа температурасының оң мәндерге дейін жоғарылауы мүмкін. **Бұл Қызылорда, Алматы, Жетісу, Жамбыл, Түркістан, Шығыс Қазақстан және Абай облыстарында қардың еруіне, еріген қар және беткейлік ағынның пайда болуына, мұз құбылыстарының әлсіреуіне, мұз кептелістерінің қалыптасуы мен су деңгейінің көтерілуі және жайылма аймақтарға судың шығуына әкелуі мүмкін.**

«Қазгидромет» РМК өңдеген «NASA» жерсеріктерінің ЖҚЗ суреттерінің бойынша 01.03.2023 ж. жағдай бойынша Қазақстан аумағының қармен жабылған ауданы 72%-ды құрайды (6-қосымша).

Жауын-шашынның мөлшерін, қардағы су қорын, топырақтың күзгі ылғалдану көрсеткіштерін, топырақтың тоңдану тереңдігін, сондай-ақ өзендердің мұздық режимдерін талдай отырып, су басу қаупі бар аймақтардың алдын ала бағасы берілген (7-қосымша).

**Қаупі жоғары өңірлер:** Қарағанды, Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Абай, Алматы және Жетісу облыстары.

**Қаупі орташа өңірлер:** Павлодар, Атырау және Ұлытау облыстары.

**Қаупі төмен өңірлер:** Түркістан, Жамбыл, Қызылорда және Маңғыстау облыстары.

## Траншекаралық өзендер туралы ақпарат

### Сырдария өзені.

Сырдария трансшекаралық өзенінің ағын көлемінің **~90%-ы** шекаралас мемлекеттердің (Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан) аумағында қалыптасады.

Сырдария өзенінің ағыны келесі су қоймаларының жұмыс режимдерімен реттеледі:

- Тоқтағұл (көлемі 19.5 км<sup>3</sup>);
- Әндіжан (көлемі 1.9 км<sup>3</sup>);
- Қайраққұм (көлемі 3.4 км<sup>3</sup>);
- Шардара (көлемі 5.2 км<sup>3</sup>);
- Көксарай (көлемі 3 км<sup>3</sup>).

Жоғарыда көрсетілген су қоймаларында су ресурстарын жинақтаудың жалпы көлемі 33.0 км<sup>3</sup> құрауы мүмкін.

Төменде келтірілген кестеде 01.03.2023 ж. жағдай бойынша су қоймаларының көлемі көрсетілген.

Су қоймалары	Көлемі, млн. м <sup>3</sup>		
	Толық көлемі	1 наурыз	
		2023 ж.	2022 ж.
Тоқтағұл	19 500	8 110	8 150
Әндіжан	1 900	822	857
Қайраққұм	4 160	3 404	3 311
Шардара	5 200	5 146	4 568

### Шу және Талас өзендері.

Шу және Талас өзендері ағынының **~95%-ы** Қырғызстан аумағында қалыптасады.

Төменде келтірілген кестеде 01.03.2023 ж. жағдай бойынша су қоймаларының көлемі көрсетілген.

Су қоймалары	Көлемі, млн. м <sup>3</sup>		
	Толық көлемі	1 наурыз	
		2023 ж.	2022 ж.

Ортаққай (Шу өз.)	470	371	315
Киров (Талас өз.)	550	328	368

### Жайық өзені.

Жайық өзені ағынының **~80%-ы** РФ аумағында қалыптасады және келесі су қоймаларының жұмыс режимдерімен анықталады:

- Ирикла (көлемі 3.26 км<sup>3</sup>);
- Жоғарғы Орал (көлемі 0.6 км<sup>3</sup>);
- Магнитогорск (көлемі 0.19 км<sup>3</sup>).

Бұл су қоймаларының су ресурстарын жинақтаудың жалпы көлемі 4.05 км<sup>3</sup>.

Төменде келтірілген кестеде 01.03.2023 ж. жағдай бойынша Ириклинск су қоймасының көлемі көрсетілген.

Су қоймалары	Көлемі, млн. м <sup>3</sup>		
	Толық көлемі	1 наурыз	
		2023 ж.	2022 ж.
Ирикла (РФ)	3 260	2 197	2 488

### Іле өзені.

Іле трансшекаралық өзені ағыны көлемінің **~70%-ы** ҚХР аумағында қалыптасады және оның көлемі Қазақстанмен шекаралас ҚХР аумағындағы су шаруашылығы қызметімен айқындалады.

### Ертіс өзені.

Ертіс трансшекаралық өзенінің жалпы ағыны көлемінің **~30%-ы** ҚХР аумағында қалыптасады.

Ертіс өзенінің жалпы ағысы көлемінің **~70%-ы** ҚР аумағында ҚХР шекарасынан Шүлбі су қоймасына дейін қалыптасады.

Ертіс өзені ағынының жиынтық көлемі келесі су қоймаларының жұмыс режимдерімен реттеледі:

- Бұқтырма (көлемі 49.0 км<sup>3</sup>);
- Өскемен (көлемі 0.65 км<sup>3</sup>);
- Шүлбі (көлемі 2.46 км<sup>3</sup>).

Жоғарыда көрсетілген су қоймаларында су ресурстарын жинақтаудың жалпы көлемі 52.1 км<sup>3</sup> құрауы мүмкін.

Төменде келтірілген кестеде 01.03.2023 ж. жағдай бойынша су қоймаларының көлемі көрсетілген.

Су қоймалары	Көлемі, млн. м <sup>3</sup>		
	Толық көлемі	1 наурыз	
		2023 ж.	2022 ж.
Бұқтырма	49 621	24 410	29 321
Шүлбі	2 390	2 124	2 309
Өскемен	655	625	635

- Сырдария, Шу, Талас, Жайық, Ертіс және Іле трансшекаралық өзендері ағысы көлемінің 80-90 %-ы шекаралас мемлекеттер аумағында қалыптасады;

- ағын үлесі, ҚР су алу шекті өлшемі мемлекетаралық бірлескен комиссияларда су ресурстарын басқару саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдар арасындағы уағдаластықпен айқындалады;

- жоғарыда көрсетілген трансшекаралық өзендердің шекаралас мемлекеттерде қалыптасатын ағын көлемі «Қазгидромет» гидрометеорологиялық мониторинг аймағынан тыс болғандақтан, бұл трансшекаралық өзендер бойынша гидрологиялық болжам жасалмайды.

Росгидрометтің су тасқыны кезеңіне және Өзгидрометтің 2023 жылғы вегетациялық кезеңге арналған гидрологиялық болжамдары 8-қосымшада келтірілген.

Қырғызгидромет жасаған гидрологиялық болжамдар мемлекеттік органдар мен мүдделі тұлғаларға олардың ұсынылуына қарай жіберілетін болады (2022 жылдың 10 наурызда).

**Бас директор**

**Д. Алимбаева**

**Бас директордың орынбасары**

**С. Саиров**

**Гидрология департаментінің  
директоры**

**А. Ахметов**

**Орындаушы**

**С. Ибраев**